

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС

**2024 жылдың 31 желтоқсанында
аяқталған жыл үшін,
тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебімен**

**Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын
белгілеу жөніндегі кеңес
шығарған ХҚЕС талаптарына сәйкес қаржылық есептілік**

Мазмұны

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

Қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы есеп	1
Пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы есеп	2
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп	3
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп	4

Қаржылық есептілікке ескертпелер

1	ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР	5
2	ДАЙЫНДЫҚ НЕГІЗІ.....	6
3	ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ	6
4	ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӨНДЕРІ МЕН ЖОРАМАЛДАР	15
5	БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША ҚАЛДЫҚТАР	18
6	НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР	20
7	БАНКТІК ДЕПОЗИТТЕР.....	21
8	АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ	21
9	НЕСИЕЛЕР МЕН ҚАРЫЗДАР	22
10	ҮШІНШІ ТАРАПТАРМЕН МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ ШАРТТАРЫ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР	22
11	БАСҚА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЖӘНЕ ЕСЕПТЕЛГЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР	23
12	ТҮСІМ.....	23
13	ҚЫЗМЕТТЕРДІ САТУДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ.....	23
14	ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫНДАР	24
15	БАСҚА ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР МЕН КІРІСТЕР, НЕТТО.....	24
16	ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫНДАР МЕН КІРІСТЕР	24
17	ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР	25
18	ӨЛЕУЕТТІ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР	26
19	ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ	28
20	ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ	30



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі
шектеулі серіктестік
Қазақстан, А25D6Т5, Алматы,
Достық д-лы, 180,
+7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной
ответственностью «КПМГ Аудит»
Казахстан, А25D6Т5, Алматы,
пр. Достык, 180

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС Қатысушылары мен басшылығына

Пікір

Біз 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы есебінен, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептерден, сондай-ақ, есеп саясатының елеулі тұжырымдамалары мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС (әрі қарай, «Компания») қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік Қаржылық есептілігінің халықаралық стандарттары жөніндегі Комитеті шығарған ҚЕХС стандарттарына (ҚЕХС қаржылық есептіліктің стандарттары) сәйкес барлық елеулі қатынастарда Компанияның 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

Пікір білдіруге негіздеме

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз одан әрі есебіміздің «*Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі*» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне («*БАХӘСК кодексі*») және біздің қаржылық есептіліктің аудитіне тиісті Қазақстан Республикасында қолданылатын әдептілік талаптарға сәйкес Компанияға қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз басқа да әдептілік міндеттемелерді аталған талаптар мен БАХӘСК кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.

Қаржылық есептілік үшін Компания басшылығы мен басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық ҚЕХС қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес қаржылық есептіліктің дайындауы мен әділ ұсынылуына және де алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбаған қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажет деп анықтайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындауда басшылық Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау, сәйкес жағдайларда үздіксіз қызметке қатысты мәселелерді ашып көрсету және басшылық Компанияны жауып тастауға немесе оның операцияларын тоқтатуды ниеттеніп отырған немесе одан басқа нақты балама нұсқасы болмаған жағдайларды қоспағанда бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдану үшін жауапты.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.

Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептіліктің толығымен алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбағандығы туралы ақылға қонымды сенімділік алу және де біздің пікіріміз енетін аудиторлардың есебін шығару. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит бар болған кездегі елеулі бұрмалануларды әрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмаланулар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және де егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады.

АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Одан бөлек біз келесілерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз және де осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және өткіземіз және де біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені алаяқтық әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізу, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап көрсетулерді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатымен, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатынсыз, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылықпен дайындалған ашып көрсетілген ақпаратты бағалаймыз;
- басшылықтың бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біздің аудиторлардың есебінде қаржылық есептіліктегі сәйкес ашып көрсетілген ақпаратқа назар аудартуымыз керек немесе осындай ашып көрсетілген ақпарат орынсыз болса, пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлардың есебінің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Компанияның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептіліктің ашып көрсетілген ақпараты енетін бүтіндей ұсынылуын, құрылымы мен мазмұнын, және де қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды әділ ұсынылуын қамтамасыз етілетіндей көрсетуін бағалаймыз.



«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС
Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі
3-бет

Біз басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға, тым болмағанда, аудиттің жоспарланған көлемі мен уақытын, сондай-ақ, біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері енетін аудиттің елеулі табуларын айтып білдіре отырамыз.

Аудиттің нәтижесі болып табылатын тәуелсіз аудиторлардың есебінің келісім партнері:



Нездемковский С. В.
Қазақстан Республикасының
сертификатталған аудиторы
2014 жылдың 2 маусымында берілген
№ МФ-0000182 аудитордың біліктілік куәлігі

«КПМГ Аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызмет жүргізу үшін
2006 жылдың 6 желтоқсанында берген мемлекеттік лицензияның №0000021



Дементьев С. А.
«КПМГ Аудит» ЖШС Жарғы негізінде
әрекет ететін Бас директоры

2025 жылдың 5 ақпаны

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС
Қаржылық жағдай туралы есеп

Мың теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
АКТИВТЕР			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар	6	183,022,828	198,069,312
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		169,833	195,229
Өтеуге ұзақ мерзімді қосылған құн салығы		128	128
Материалдық емес активтер		1,027,400	225,993
Айналымнан тыс активтертің жиыны		184,220,189	198,490,662
Айналымдағы активтер			
Тауарлық-материалдық қорлар		1,315,208	1,131,097
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		676,383	415,628
Байланысты тараптардың дебиторлық берешегі	5	-	5,214
Сатуға арналған активтер		49,791	-
Өзге айналымдағы активтер		451,425	637,709
Банктік депозиттер	7	7,996,601	23,527,680
Ақша қаражаттары және оның баламалары	8	39,103,354	23,836,867
Айналымдағы активтердің жиыны		49,592,762	49,553,795
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		233,812,951	248,044,457
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ			
Жарғылық капитал		13,000,000	13,000,000
Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша резерв		53,352,849	58,427,409
Басқа капитал резервтері		(4,259)	(3,589)
Бөлінбеген пайда		118,267,946	92,409,910
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		184,616,536	163,833,730
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Құбырды және оның объектілерін жою және жерді рекультивация жөніндегі міндеттемеге арналған резерв	4	9,540,129	8,843,517
Жалдау бойынша міндеттемелер		109,028	119,349
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	17	26,306,939	28,460,797
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер		20,106	18,631
Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны		35,976,202	37,442,294
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Несиелер мен қарыздар	9	-	32,842,895
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек		1,048,272	1,129,953
Байланысты тараптар алдындағы кредиторлық берешек	5	1,810,932	1,574,438
Байланысты тараптармен мұнай тасымалдау шарттары бойынша міндеттемелер	5	2,776,996	3,848,963
Үшінші тараптармен мұнай тасымалдау шарттары бойынша міндеттемелер	10	5,478,732	4,876,996
Басқа кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер	11	1,981,428	2,362,703
Жалдау бойынша міндеттемелер		123,853	132,485
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны		13,220,213	46,768,433
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		49,196,415	84,210,727
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН МЕНШІКТІ КАПИТАЛДЫҢ ЖИЫНЫ		233,812,951	248,044,457

Шығару үшін бекітілген және басшылық атынан 2025 жылғы 5 ақпанда қол қойылған:

Тұрлыханов Е. Д.
Бас директордың м.а.

Цао Инвэй
Бас директордың қаржы
жөніндегі орынбасары

Кочергова Анна Витальевна
Бас бухгалтер

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС

Пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есеп

Мың теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде	
		2024 ж.	2023 ж.
Түсім	12	87,939,204	86,842,636
Қызметтерді сатудың өзіндік құны	13	(39,673,960)	(38,942,151)
Жалпы пайда		48,265,244	47,900,485
Жалпы және әкімшілік шығындар	14	(4,862,213)	(4,502,444)
Басқа операциялық кірістер/(шығыстар), нетто	15	476,333	(664,887)
Операциялық пайда		43,879,364	42,733,154
Қаржылық табыстар	16	3,177,588	1,947,322
Қаржылық шығындар	16	(1,351,481)	(4,668,199)
Салық салынғанға дейінгі табыс		45,705,471	40,012,277
Табыс салығы бойынша шығыстар	17	(9,163,493)	(8,041,172)
Бір жылғы пайда		36,541,978	31,971,105
Өзге жиынтық табыс			
Құбырды және оның объектілерін жою мен жерді рекультивациялау жөніндегі міндеттемеге арналған резервті қайта бағалау	4	301,873 (60,375)	3,423,523 (684,705)
Табыс салығының әсері			
Қызметкерлердің сыйақылары бойынша актуарлық залалдар		(837)	1,752
Табыс салығының әсері		167	(350)
Жыл ішіндегі өзге де жиынтық табыс жиыны		240,828	2,740,220
Бір жылдағы жиынтық табыстың жиыны		36,782,806	34,711,325

Шығару үшін бекітілген және басшылық атынан 2025 жылғы 5 ақпанда қол қойылған:

Тұрлыханов Е. Д.
Бас директордың м.а.

Цао Инвэй
Бас директордың қаржы
жөніндегі орынбасары


Кочергова Анна Витальевна
Бас бухгалтер

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп

Мың теңгемен	Жарғылық капитал	Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша резерв	Басқа капитал резервтері	Бөлінбеген пайда	Меншікті капитал жиыны
2023 жылғы 1 қаңтарға	13,000,000	60,354,743	(4,991)	60,772,653	134,122,405
Бір жылғы пайда	-	-	-	31,971,105	31,971,105
Өзге жиынтық табыс	-	2,738,818	1,402	-	2,740,220
Бір жылдағы жиынтық табыстың жиыны	-	2,738,818	1,402	31,971,105	34,711,325
Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша іске асырылған резерв	-	(4,666,152)	-	4,666,152	-
Дивидендтер	-	-	-	(5,000,000)	(5,000,000)
2024 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	13,000,000	58,427,409	(3,589)	92,409,910	163,833,730
Бір жылғы пайда	-	-	-	36,541,978	36,541,978
Өзге жиынтық табыс	-	241,498	(670)	-	240,828
Бір жылдағы жиынтық табыстың жиыны	-	241,498	(670)	36,541,978	36,782,806
Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша іске асырылған резерв	-	(5,316,058)	-	5,316,058	-
Дивидендтер	-	-	-	(16,000,000)	(16,000,000)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	13,000,000	53,352,849	(4,259)	118,267,946	184,616,536

2024 жылғы 31 мамырда Компания 2023 жылғы қызмет қорытындылары бойынша қатысушыларға 16 000 000 млн. теңге, «ҚазТрансОйл» АҚ пайдасына 8 000 000 млн. теңге және China National Oil and Gas Exploration and Development Company пайдасына көзден ұсталатын табыс салығын ескере отырып, 8 000 000 млн. теңге дивидендтер жариялады. Қатысушыларға дивидендтер 2024 жылғы 26 маусымда төленді (2023 жыл: жарияланған және төленген дивидендтер сомасы 5 000 000 мың теңгені құрады).

Шығару үшін бекітілген және басшылық атынан 2025 жылғы 5 ақпанда қол қойылған:


Тұрлыханов Е. Д.
Бас директордың м.а.


Цао Инвэй
Бас директордың қаржы жөніндегі орынбасары


Кочергова Анна Витальевна
Бас бухгалтер

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС
Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп

Мың теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде	2024 ж.	2023 ж.
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы				
<i>Операциялық қызметтен ақша қаражаттарының түсуі</i>				
Тасымалдау қызметтерін ұсыну			82,778,170	82,158,538
Алынған аванстар			8,256,782	8,725,959
Алынған пайыздар			2,810,792	489,741
Өзге түсімдер			415,747	610,834
<i>Операциялық қызметтен ақша қаражаттарының шығуы</i>				
Тауарлар мен қызметтер үшін жеткізушілер мен мердігерлерге төлемдер			(24,465,914)	(22,642,072)
Берілген аванстар			(608)	(83,491)
Жалақы бойынша төлемдер			(2,357,565)	(2,281,986)
Қарыздар бойынша сыйақы төлеу	9		(1,312,219)	(3,636,347)
Табыс салығы			(10,998,519)	(10,324,089)
Бюджетке төленетін басқа төлемдер			(4,750,545)	(4,279,094)
Өзге төлемдер			(807,196)	(847,013)
Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының таза ағыны			49,568,925	47,890,980
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы				
<i>Инвестициялық қызметтен ақша қаражатының түсуі</i>				
Банктік депозиттерді алу			24,656,473	30,947,955
<i>Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының шығуы</i>				
Банктік депозиттерді салу			(8,443,477)	(33,023,476)
Негізгі құралдарды сатып алу			(2,987,695)	(2,872,665)
Инвестициялық қызметтен алынған/(пайдаланылған) таза ақшалай қаражат ағындары			13,225,301	(4,948,186)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы				
<i>Операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың шығуы</i>				
Қарыздарды өтеу	9		(31,341,800)	(31,694,250)
Дивидендтер төлеу			(16,000,000)	(5,000,000)
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу			(37,922)	(39,728)
Өзге төлемдер			(2,062)	(1,164)
Қаржылық қызметте пайдаланылған ақша қаражаттарының таза ағыны			(47,381,784)	(36,735,142)
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза ұлғаюы			15,412,442	6,207,652
Валюта бағамының өзгеруінің ақша қаражаттарына және олардың шетел валютасындағы баламаларына әсері			(145,955)	(242,269)
Есепті жылдың басындағы ақшалай қаражат және оның баламалары	8		23,836,867	17,871,484
Есепті жылдың соңындағы ақшалай қаражат және оның баламалары	8		39,103,354	23,836,867

Шығару үшін бекітілген және басшылық атынан 2025 жылғы 5 ақпанда қол қойылған:

Тұрлыханов Е. Д.
Бас директордың м.а.

Цао Инвэй
Бас директордың қаржы
жөніндегі орынбасары

Кочергова Анна Витальевна
Бас бухгалтер

1 Жалпы мәліметтер

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2004 жылғы 6 шілдеде жауапкершілігі шектеулі серіктестік ретінде құрылды. Компанияны екі құрылтайшы иеленеді: «China National Oil and Gas Exploration and Development Company» (бұдан әрі – «CNODC»), China National Petroleum Corporation еншілес компаниясы (бұдан әрі – «CNPC») және «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ҚазТрансОйл»), «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының еншілес компаниясы (бұдан әрі – «ҚазМұнайГаз»), Компанияның жарғылық капиталындағы әрбір құрылтайшының үлесі тиісінше 50% құрайды. Компания тең негізде ҚазТрансОйл мен CNODC-дің жалпы бақылауында. «ҚазТрансОйл» Қазақстан Республикасы Үкіметінің бақылауында, ол «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») (90%) және Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі (10%) арқылы бақыланады. CNODC толығымен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің («ҚХР») бақылауында, ол CNPC мемлекеттік компаниясы арқылы бақыланады.

2004 жылдың 17 мамырында Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының Үкіметтері Мұнай және газ саласындағы жан-жақты ынтымақтастықты дамыту туралы негіздемелік келісімге қол қойды. Бұдан басқа, 2004 жылғы 17 мамырда CNPC және ҚазМұнайГаз ұзындығы 965.1 километр құрайтын «Атасу – Алашанькоу» мұнай құбырын салудың негізгі қағидаттары туралы келісім жасасты, сондай-ақ 2006 жылғы 20 желтоқсанда CNPC мен ҚазМұнайГаз арасында Қазақстан-Қытай мұнай құбырын салудың екінші кезеңінің негізгі қағидаттары туралы келісім және оған 2007 жылғы 18 тамыздағы № 1 Қосымша келісім жасалды.

2005 жылдың 17 қарашасынан Компания 2025 жылдың 16 қарашасына дейін қолданылу мерзімі бар Қытай аумағында «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбырын инвестициялауға, салуға, пайдалануға және жөндеуге патент алды. Осыған байланысты Компанияның Қытай аумағындағы филиалы тіркелді.

Компания 2006 жылдың 28 шілдесінде қуаттылығы жылына 7 миллион тонна құрайтын «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбырын салып, пайдалануға берді. 2008 жылы Компания мұнай құбырының өткізу қабілетін жылына 10 миллион тоннаға дейін арттыру үшін қосымша жабдықты пайдалануға берді.

Мұнай құбырын толтыру үшін 401,449 метрикалық тонна көлемінде технологиялық мұнайды «ПетроЧайна Интернэшнл Қазақстан» ЖШС (бұдан әрі – «ПетроЧайна») ұсынды. Технологиялық Мұнай «ПетроЧайна»-ға тиесілі.

2008 жылдың 8 мамырында Компания Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті берген «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбыры үшін құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге рұқсат алды және жобаны әзірлеуге, жеткізуге «ҚазСтройСервис» ҰТКҚК және «Чина Петролеум Пайплайн Инжиниринг Қазақстан» ЖШС-мен шарттарға қол қойды ұзындығы 794.263 километр «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбырын салу және құрылысының, екінші кезеңнің бірінші кезеңінің жобалық жылдық өткізу қабілеті шамамен 10 миллион тоннаны құрайды.

2009 жылдың 1 шілдесінде «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбырының желілік бөлігінің құрылысы аяқталды.

2009 жылдың 7 қазанында Компания жобалық өткізу қабілеті бірінші кезеңде жылына 10 миллион тоннаны құрайтын «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбырының алғашқы іске қосу кешенін пайдалануға берді.

Мұнай құбырын толтыру үшін технологиялық мұнайды жүк жөнелтушілер техникалық келісімге сәйкес жалпы жүк ағынындағы үлестік қатысуға барабар мөлшерде ұсынады. Технологиялық Мұнай жауапты сақтауда, меншік құқығы жүк жөнелтушілерде қалады. Технологиялық мұнайды қайтару мұнай тасымалдау шарты бойынша міндеттемелер тоқтатылған кезде не технологиялық мұнайдың көлемін үшінші тұлғалар мұнай құбырына берген кезде не Технологиялық мұнайға меншік құқығын үшінші тұлғаларға берген кезде не «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбырын пайдалану аяқталған кезде жүргізіледі.

2010 жылдың 10 желтоқсанда Компания «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің бірінші кезектегі объектілерін пайдалануға беруді аяқтады.

2011 жылы және 2013 жылы Компания «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбырының өткізу қабілетін жылына 20 миллион тоннаға дейін арттыру үшін қосымша жабдықты пайдалануға берді. 2013-2014 жылдар ішінде № 8 сорғы-айдау станциясын (бұдан әрі – «МАС») «Ағадыр» 500 кВ қосалқы станциясының 35 кВ ашық тарату құрылғысына қосу бойынша жұмыстар орындалды, бұл ретте қуаты 40,000 кВА жабдықты салу, монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және пайдалануға беру орындалды.

2015 жылдың 2 наурызда Шығыс Қазақстан облысында жалпы ұзындығы 50.06 километр жол бойындағы жолдар пайдалануға берілді.

Компания монополист ретінде қаралады және тиісінше Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау Комитетінің (бұдан әрі – «ТМРК») реттеу объектісі болып табылады. Табиғи монополияларды реттеу комитеті пайдаланылатын активтер бойынша шығындарды өтеуге негізделген мұнай тасымалдау жөніндегі тарифтік ставкаларды бекітеді. 2019 жылдың 31 желтоқсанында Табиғи монополияларды реттеу комитеті Төрағасының № 74-НҚ бұйрығымен 2020-2024 жылдарға арналған ішкі нарыққа 2024 жыл бойы жұмыс істеген, 1,000 километр (ҚҚС-сыз) тоннасына 4,839 теңге (2023 жыл: тоннасына 4,817 теңге) мөлшерінде тариф бекітілді.

2024 жылдың 29 қарашасында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті республикалық мемлекеттік мекемесінің №156-НҚ бұйрығымен «Кеңкияқ-Құмкөл» магистральдық мұнай құбыры жүйесі арқылы мұнай айдауға реттелетін қызмет бойынша тариф 2025 жылғы 1 қаңтардан 2029 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге 1,000 километрге 1 тонна үшін 3,339 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз) бекітілді, ол 2025 жылы қолданыста болады.

2015 жылдың 5 мамырында Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы жарияланды, оған сәйкес Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит мақсатында және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттау мақсатында магистральдық мұнай құбырлары арқылы мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдау қызметтері Қазақстан Республикасындағы табиғи монополиялар саласына жатқызылмайды. Заң күшіне енгеннен кейін Компания жоғарыда көрсетілген мақсаттар бойынша мұнай тасымалдау тарифтік мөлшерлемелерін өз бетінше бекіту құқығына ие болды. 2016 жылғы 28 желтоқсаннан бастап Компания Қазақстан Республикасынан тыс жерге экспорттау мақсатында 1,000 километрге тоннасына 6,799 теңге (ҚҚС-сыз) мөлшерінде бекітілген тарифті қолданады.

2024 және 2023 жылдар ішінде Компания «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры арқылы тиісінше 1,200 мың тонна және 1,209 мың тонна мұнай тасымалдады. Сондай-ақ, 2024 және 2023 жылдары Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Үкіметтері арасындағы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген, Ресей мұнайын Қазақстан Республикасы аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына тасымалдау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес, тиісінше 9,989 мың тонна және 9,989 мың тонна транзиттік мұнай тасымалданды. Осы келісім бойынша мұнайды тасымалдауға арналған Тариф Компания, ҚазТрансОйл және «Роснефть «Мұнай компаниясы» ААҚ (бұдан әрі – «Роснефть») арасында жасалған шартқа сәйкес айқындалады.

2024 және 2023 жылдар ішінде Компания «Кеңкияқ-Құмкөл» мұнай құбыры арқылы тиісінше 7,919 мың тонна және 7,977 мың тонна мұнай тасымалдады.

Компанияның тіркелген кеңсесі мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 109В.

2 Дайындық негізі

Осы қаржылық есептілік Компанияның қаржылық есептілігі халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын белгілеу жөніндегі кеңес шығарған ХҚЕС талаптарына (ХҚЕС қаржылық есептілік стандарттарына) сәйкес дайындалды.

Осы қаржылық есептілік бастапқы құн негізінде дайындалды, алайда бастапқы тану кезінде әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бұдан тыс қалады. Сонымен қатар, әділ құны бойынша бағаланатын және олардың өзгерістері пайда немесе залал құрамында, сондай-ақ басқа жиынтық табыс арқылы көрсетілетін негізгі құралдар ерекшелікке жатады.

Осы қаржылық есептілікті дайындау барысында қолданылған негізгі есеп саясатының ережелері төменде келтірілген. Бұл қағидалар, егер басқасы көзделмесе, есептілікте ұсынылған барлық кезеңдерге жүйелі түрде қолданылды.

Осы қаржылық есептілік теңгемен ұсынылған және арнайы уағдаласылған жағдайларды қоспағанда, барлық мәндер мың теңгеге дейін дөңгелектелген. Компанияның функционалдық валютасы – теңге.

Басшылық осы қаржылық есептілікті үздіксіз қызмет қағидаты негізінде дайындады, ол активтердің іске асырылуын және міндеттемелердің әдеттегі қызмет барысында өтелуін болжайды. Басшылықтың бұл пікірі Компанияның қаржылық жағдайын, ағымдағы жоспарларын, операцияларының кірістілігін және қаржы ресурстарына қолжетімділігін қарастыруға, сондай-ақ Компанияның болашақ операцияларына қазіргі жағдайдың ықпалын талдауға негізделген.

3 Есепке алу саясатының елеулі ережелері

Шетел валютасын қайта есептеу

Операциялар және қалдықтар

Шетел валютасындағы операциялар Топ кәсіпорындарының тиісті функционалдық валюталарына осы операцияларды жүзеге асыру күніндегі айырбас бағамдары бойынша қайта есептеледі.

Есеп күні шетел валютасында келтірілген ақшалай активтер мен міндеттемелер осы есеп күніне белгіленген айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютада қайта саналады. Шетел валютасында көрсетілген және әділ құн бойынша бағаланатын ақшалай емес активтер мен міндеттемелер әділ құнды белгілеу күні қолданылатын айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютада қайта саналады. Шетел валютасында бастапқы құнмен бағаланатын ақшалай емес баптар тиісінше операцияны жасау күніне белгіленген айырбастау бағамы бойынша қайта саналады. Айырбастау кезінде туындайтын бағамдық айырмалар, жалпы жағдайда, кезеңнің пайда немесе залал құрамында танылады.

Валюта айырбастау бағамдары

Қазақстан қор биржасында (бұдан әрі – «ҚҚБ») белгіленген валюта айырбастау бағамдары Қазақстан Республикасында ресми айырбастау бағамдары ретінде пайдаланылады.

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС
Қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2024 жыл

2024 және 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардағы орташа өлшенген бағамдар:

Теңге	2024 ж.	2023 ж.
АҚШ доллары	469.11	456.21
Ресей рублі	5.07	5.41
Еуро	507.51	493.22
Қытай юані	65.21	64.45

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсанда ҚҚБ белгілеген валюта айырбастау бағамдары:

Теңге	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
АҚШ доллары	525.11	454.56
Ресей рублі	4.99	5.06
Еуро	546.47	502.24
Қытай юані	71.94	63.94

Активтер мен міндеттемелердің айналымдық/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді жіктелуі

Қаржылық жағдай туралы есепте Компания активтер мен міндеттемелерді олардың айналымдық/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді жіктелуіне қарай ұсынады. Актив айналым болып табылады, егер:

- ол іске асырылуы керек немесе әдеттегі операциялық цикл шеңберінде сатуға немесе тұтынуға арналған;
- ол негізінен сауда мақсаттарына арналған;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде іске асыру көзделсе; немесе
- ол айырбастауға немесе есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде он екі ай ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, қолма-қол ақшаны немесе олардың баламаларын білдіретін болса.

Барлық басқа активтер айналымнан тыс ретінде жіктеледі.

Міндеттеме қысқа мерзімді болады, егер:

- оны әдеттегі операциялық цикл шеңберінде өтеу ұйғарылады;
- ол негізінен сауда мақсаттарында ұсталады;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде өтеуге жатса; немесе
- Компанияның есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі ай ішінде міндеттемені өтеуді кейінге қалдыруға шартсыз құқығы жоқ болса.

Компания барлық өзге міндеттемелерді ұзақ мерзімді міндеттемелер ретінде жіктейді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері айналымнан тыс/ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Әділ құн бойынша бағалау

Әділ құн – бұл активті сату кезінде алынатын немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасындағы әдеттегі мәміле кезінде міндеттемені беру кезінде төленетін баға. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру мақсатында мәміле жасалады деп болжайды:

- берілген актив немесе міндеттеме үшін негізгі болып табылатын нарықта; немесе
- негізгі нарық болмаған жағдайда, осы активке немесе міндеттемеге қатысты неғұрлым тиімді нарықта.

Компания негізгі немесе ең тиімді нарыққа қол жеткізуі тиіс.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарыққа қатысушылар өздерінің ең жақсы экономикалық мүдделері үшін әрекет еткен жағдайда, активтің немесе міндеттеменің бағасын анықтау кезінде нарыққа қатысушылар пайдаланатын болжамдарды пайдалана отырып бағаланады.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының активті ең жақсы және тиімді пайдалану арқылы немесе оны осы активті ең жақсы және тиімді түрде пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сату арқылы экономикалық пайда алу қабілетін ескереді.

Компания осы жағдайларға сәйкес келетін және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректер қол жетімді бағалау үлгілерін пайдаланады және сонымен бірге тиісті бақыланатын бастапқы деректерді барынша пайдалануға және бақыланбайтын бастапқы деректерді пайдалануды азайтуға мүмкіндік береді.

Қаржылық есептілікте әділ құн бойынша бағаланатын немесе әділ құны қаржылық есептілікте ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде төменде сипатталған әділ құн иерархиясы шеңберінде жіктеледі:

- 1 деңгей – Бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардың баға белгіленімдері (түзетілмейтін).
- 2-деңгей – Иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын әділ құнды бағалау үшін маңызды бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама түрде байқалатын бағалау модельдері.
- 3 деңгей – Иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын әділ құнды бағалау үшін маңызды бастапқы деректер нарықта байқалмайтын бағалау модельдері.

Қаржылық есептілікте қайталанатын негізде қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Компания әр есепті кезеңнің соңына жіктеуді (жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде) қайта талдай отырып, оларды иерархия деңгейлері арасында аудару қажеттілігін анықтайды.

Әрбір есепті күн үшін Компания активтер мен міндеттемелер құнының өзгеруін талдайды, оларды компанияның есеп саясатына сәйкес қайта талдау және қайта бағалау қажет. Осындай талдау шеңберінде Компания бағалау кезінде пайдаланылатын ақпаратты шарттармен және басқа да тиісті құжаттармен салыстыру арқылы соңғы бағалау кезінде қолданылған негізгі бастапқы деректерді тексереді.

Компания мен Компанияның сыртқы бағалаушылары өзгерістің дұрыстығын анықтау үшін әр актив пен міндеттеменің әділ құнының өзгеруін тиісті сыртқы көздермен салыстырады.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар бастапқыда өзіндік құны бойынша танылады. Кейінгі есепке алу қайта бағалау күнінен кейін олар болған жағдайда танылған жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалдардың шегерілуімен әділ құн бойынша жүзеге асырылады.

Есеп саясатына сәйкес Компания үш жылда бір рет негізгі құралдарды қайта бағалау үшін тәуелсіз бағалаушыларды тартады. Әділ құны есепті кезең ішінде елеулі өзгерістерге ұшырайтын негізгі құралдар бойынша қаржылық есептілікті жасау күніне әділ құнның өзгеруіне талдау жүргізіледі және қажет болған жағдайда қаржылық есептілікте негізгі құралдардың қайта бағалануы көрсетіледі.

Қайта бағалаудан түскен құн өсімі басқа жиынтық табыстың құрамында көрсетіледі және пайда немесе залал құрамында бұрын жүргізілген қайта бағалау салдарынан танылған сол активтерді қайта бағалаудан болған залалды қалпына келтіретін бөлігін қоспағанда, меншікті капиталдың құрамына кіретін активтерді қайта бағалау резервінің ұлғаюына жатады. Қайта бағалаудан туындаған залал, бұрын активті қайта бағалаудан түскен резервтің құрамында танылған сол актив бойынша оң қайта бағалауды тікелей төмендететін бөлігін қоспағанда, пайда мен залал құрамында танылады.

Амортизацияны қайта бағаланған баланстық құн негізінде есептеу мен активтің бастапқы құны негізінде есептеу арасындағы айырма жыл сайын активтерді қайта бағалау резервінен бөлінбеген пайдаға аударылады. Сонымен қатар, қайта бағалау күні жинақталған амортизация мен құнсыздану алынып тасталып, активтің жалпы баланстық құны азайтылып, кейіннен таза сома қайта бағаланған құнға дейін реттеледі. Актив шығарылған жағдайда, оған қатысты қайта бағалау резерві бөлінбеген пайдаға ауыстырылады.

Негізгі құралдардың құнына жабдықтың жекелеген бөліктерін ауыстыру құны және капитализация өлшемшарттарына сәйкес келетін ұзақ мерзімді құрылыс жобалары бойынша қарыздар бойынша шығындар кіреді. Негізгі құралдардың маңызды компоненттерін белгілі бір уақыт аралығында ауыстыру қажет болған жағдайда, Компания мұндай компоненттерді олардың жеке пайдалану мерзімімен жеке активтер ретінде таниды және тиісті түрде амортизациялайды. Сол сияқты, негізгі техникалық тексеру жүргізілген кезде, оған байланысты шығындар тану критерийлері орындалған жағдайда, жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнына енгізіледі. Жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша барлық басқа шығындар олар туындаған сәтте пайда немесе залал құрамында танылады.

Бастапқы тану кезінде активті пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны шығаруға байланысты күтілетін шығындардың дисконтталған құны болашақ шығындар резервін тану өлшемшарттарына сәйкес келсе, тиісті активтің құнына қосылады. Бағалаудағы кейінгі өзгеріс басқа жиынтық табыста көрсетіледі. Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қалпына келтіру бойынша танылған резерв туралы толығырақ ақпарат алу үшін Маңызды есептік пайымдаулар, бағалау мәндері және болжамдар бөлімін қараңыз (4-ескерту).

Амортизация активтердің пайдалы қызмет ету мерзімінің бағалау кезеңінде келесі тәртіппен түзу сызықты әдіспен есептеледі:

	Жылдары
Ғимараттар мен құрылыстар	5 - 50
Машиналар мен жабдықтар	3 - 30
Құбырлар және басқа көлік құралдары	5 - 30
Өзге	2 - 30

Компанияның Есеп саясатына сәйкес, аяқталмаған құрылыс және жер амортизациялауға жатпайды.

Бұрын танылған негізгі құралдарды немесе олардың маңызды құрамдас бөлігін тануды тоқтату оларды шығарған кезде немесе болашақта осы активтерді пайдалану немесе шығару нәтижесінде экономикалық пайда алу күтілмеген жағдайда жүзеге асырылады. Активті тануды тоқтатудың нәтижесінде пайда болатын кіріс немесе шығыс (шығарудан түскен таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептелген) сол есепті жылы пайда немесе залал құрамында танылады.

Негізгі құралдардың жою құны, пайдалы қызмет ету мерзімі және амортизация әдістері әр жылдық есепті кезеңнің соңында талданып, қажет болған жағдайда болашақ кезеңдерге арналған негізде түзетіледі.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Компания активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоқтығын анықтайды. Егер мұндай белгілер орын алса немесе активтің құнсыздануына жыл сайынғы тексеру жүргізу қажет болса, Компания активтің өтелетін құнын бағалауды жүргізеді. Активтің немесе ақша ағындарын генерациялайтын бөлімшенің өтелетін құны (бұдан әрі – «ААГБ») – сатуға арналған шығындарды шегергендегі активтің әділ құны (ААГБ) және активті пайдаланудан түскен құн (ААГБ) мынадай шамалардың ең үлкені. Актив негізінен басқа активтер немесе активтер топтары өндіретін ағындардан тәуелсіз ақша ағындарын тудырмайтын жағдайларды қоспағанда, өтелетін құн жеке актив үшін анықталады. Егер активтің немесе ААГБ-ның баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетсе, актив құнсызданған болып есептеледі және өтелетін құнға дейін есептен шығарылады.

Пайдаланудан алынған құнды бағалау кезінде болашақ ақша ағындары дисконттау мөлшерлемесі бойынша ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активке тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейін дисконтталады. Сату шығындарын шегергендегі әділ құнды анықтау кезінде соңғы нарықтық мәмілелер ескеріледі (егер олар болған болса). Олар болмаған жағдайда тиісті бағалау моделі қолданылады. Бұл есептеулер бағалау коэффициенттерімен, нарықта еркін айналымдағы акциялар бағасының баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

Компания құнсыздану сомасын егжей-тегжейлі жоспарлар мен болжамды есептеулерге сүйене отырып анықтайды, олар жеке активтер кіретін компанияның әрбір ААГБ үшін жеке дайындалады. Бұл жоспарлар мен болжамды есептеулер әдетте бес жылға жасалады. Ұзақ кезеңдер үшін бесінші жылдан кейінгі болжамды болашақ ақша ағындарына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді есу қарқыны есептеледі.

Жалғасып жатқан қызмет бойынша құнсызданудан орын алған залалдар (қорлардың құнсыздануын қоса алғанда) қайта бағалау басқа жиынтық табыс құрамында танылған кезде бұрын қайта бағаланған негізгі құралдарды қоспағанда, құнсызданған активтің функциясына сәйкес келетін шығыстар санаттарының құрамындағы жиынтық табыс туралы есепте танылады. Бұл жағдайда құнсызданудан болған залал бұрын жүргізілген қайта бағалау сомасы шегінде басқа жиынтық табыстың құрамында да танылады.

Әрбір есепті күнге Компания активтің құнсыздануынан бұрын танылған залал енді жоқ немесе азайған деген белгілердің бар-жоқтығын анықтайды. Егер мұндай белгі болса, Компания активтің өтелетін құнын немесе ААГБ есептейді. Құнсызданудан бұрын танылған залалдар, егер құнсызданудан болған залал соңғы танылған уақыттан бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған жорамалдарда өзгеріс болған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан аспайтындай, сондай-ақ егер өткен жылдары құнсызданудан залал танылмаса, осы актив танылатын амортизацияны шегергендегі баланстық құннан аспайтындай етіп шектеледі. Мұндай құнды қалпына келтіру қайта бағалаудан түскен құн өсімі ретінде ескеріледі.

Қаржылық активтер

Бастапқы тану және бағалау

Бастапқы тану кезінде қаржы активтері кейіннен амортизацияланған құн бойынша, басқа жиынтық кіріс (БЖК) арқылы әділ құн бойынша және пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын болып жіктеледі.

Бастапқы тану кезінде қаржылық активтердің жіктелуі шартта көзделген қаржы активі бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына және Компания осы активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модельге байланысты болады. Саудалық дебиторлық берешекті қоспағанда, ол елеулі қаржыландыру құрамдас бөлігін қамтымайтын немесе оған қатысты Компания практикалық жеңілдету тәсілін қолданған жағдайларда, Компания қаржылық активтерді бастапқы тану кезінде әділ құны бойынша бағалайды. Егер қаржылық активтер әділ құн арқылы пайда немесе залал ретінде бағаланбайтын болса, онда олардың бастапқы бағасына мәміле шығындарының сомасы қосылады.

Елеулі қаржыландыру құрамдас бөлігін қамтымайтын немесе оған қатысты Компания практикалық жеңілдету тәсілін қолданған саудалық дебиторлық берешек ХҚЕС (IFRS) 15 стандартына сәйкес анықталған мәміле бағасы бойынша бағаланады.

Компания қаржылық активтерді басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель компанияның ақша ағындарын құру мақсатында өзінің қаржылық активтерін басқару тәсілін сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатынын анықтайды.

Заңнамада белгіленген мерзімде немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелерге сәйкес (стандартты шарттармен сауда жасау) активтерді жеткізуді талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сатудың барлық операциялары мәміле жасалған күні, яғни компания активті сатып алу немесе сату міндеттемесін қабылдаған күні танылады.

Компанияның қаржылық активтеріне ақша қаражаттары мен олардың баламалары, банктік депозиттер, сауда және басқа дебиторлық берешек кіреді.

Кейінгі бағалау

Кейінгі бағалау мақсатында қаржылық активтер төрт санатқа жіктеледі:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борыштық құралдар);
- басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын, кейіннен жинақталған пайда мен залалды қайта жіктейтін қаржылық активтер (борыштық құралдар);
- ұйымның қалауы бойынша тануды тоқтатқан кезде жинақталған пайда мен залалды кейіннен қайта жіктемей, басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелген қаржы активтері (үлестік құралдар);
- пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)

Бұл санат Компания үшін ең қолайлы болып табылады. Компания қаржылық активтерді амортизацияланған құн бойынша бағалайды, егер келесі екі шарт орындалса:

- қаржы активі шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржы активтерін ұстап қалуға бағытталған бизнес-модель шеңберінде ұсталады; және
- қаржылық активтің шарттық талаптары көрсетілген күндерде тек негізгі қарыз сомасы есебіне төлемдер болып табылатын ақша ағындарын және негізгі қарыз сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздарды алуды шарттайды.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Актив тану, оны өзгерту немесе құнсыздану тоқтатылған жағдайда пайда немесе залал құрамындағы пайда немесе залал деп танылады.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер санатына Компания сауда дебиторлық берешегін, банктік депозиттер мен ақша қаражаттарын және олардың баламаларын жатқызады.

Тануды тоқтату

Қаржы активі (немесе – қолданылатын жерде-қаржы активінің бір бөлігі немесе ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігі) тануды тоқтатады (яғни, компанияның қаржылық жағдай туралы есебінен шығарылады), егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының мерзімі аяқталды;
- Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын берді немесе «транзиттік» келісім бойынша алынған ақша ағындарының үшінші тарапқа толық көлемде немесе өзіне айтарлықтай кідіріссіз төлеуге міндеттеме алды; немесе (а) Компания активтің барлық дерлік тәуекелдері мен пайдасын берді немесе (ә) Компания бірақ активтің барлық тәуекелдері мен пайдасын бермеген және өзіне де сақтамаған, бірақ осы активті бақылауды тапсырды.

Істен шығу	-	(313,705)	(213,607)	-	-	(81,215)	-	(608,527)
Сатуға арналған активтерге аудару	-	-	(49,791)	-	-	-	-	(49,791)
Материалдық емес активтерге аудару	-	-	-	-	-	-	(799,127)	(799,127)
2024 жылдың 31 желтоқсанындағы қайта бағаланған құн	94,725	40,406,595	57,158,813	120,339,853	244,003	1,671,007	1,622,611	221,537,607
2023 жылғы 31 қаңтар күніне жинақталған тозу және құнсыздану	-	(706,383)	(1,523,209)	(1,903,787)	(20,109)	(81,659)	(986,098)	(5,221,245)
Амортизациялық аударымдар	-	(2,844,272)	(6,107,323)	(7,477,963)	(79,653)	(357,803)	-	(16,867,014)
Істен шығу	-	-	2,932	-	-	5,696	-	8,628
2023 жылдың 31 желтоқсанында жинақталған тозу және құнсыздану	-	(3,550,655)	(7,627,600)	(9,381,750)	(99,762)	(433,766)	(986,098)	(22,079,631)
Амортизациялық аударымдар	-	(2,867,435)	(6,229,660)	(7,131,256)	(77,968)	(348,703)	-	(16,655,022)
Құнсызданудан болатын шығын	-	-	-	-	-	-	(123,699)	(123,699)
Істен шығу	-	62,087	203,281	-	-	78,205	-	343,573
2024 жылдың 31 желтоқсанында жинақталған тозу және құнсыздану	-	(6,356,003)	(13,653,979)	(16,513,006)	(177,730)	(704,264)	(1,109,797)	(38,514,779)
2023 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша								
Қайта бағаланған құн	94,725	40,020,016	56,480,499	119,503,980	244,003	1,189,561	2,616,159	220,148,943
Жинақталған тозу және құнсыздану	-	(3,550,655)	(7,627,600)	(9,381,750)	(99,762)	(433,766)	(986,098)	(22,079,631)
Баланстық құн	94,725	36,469,361	48,852,899	110,122,230	144,241	755,795	1,630,061	198,069,312
2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша								
Қайта бағаланған құн	94,725	40,406,595	57,158,813	120,339,853	244,003	1,671,007	1,622,611	221,537,607
Жинақталған тозу және құнсыздану	-	(6,356,003)	(13,653,979)	(16,513,006)	(177,730)	(704,264)	(1,109,797)	(38,514,779)
Баланстық құн	94,725	34,050,592	43,504,834	103,826,847	66,273	966,743	512,814	183,022,828

Амортизациялық аударымдар

<i>Мың теңгемен</i>	Ескерт.	2024 ж.	2023 ж.
Сатудың өзіндік құны	13	16,483,858	16,722,334
Жалпы және әкімшілік шығындар	14	171,164	144,680
Амортизациялық аударымдар жиыны		16,655,022	16,867,014

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС
Қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2024 жыл

Төменде негізгі құралдар тарихи құны бойынша есепке алынған жағдайда олардың көрсеткіштері келтірілген:

Мың теңгемен	Жер	Ғимараттар мен имараттар	Машиналар мен жабдықтар	Құбыр	Өзге де көлік құралдары	Өзге	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
2023 жылдың 31 желтоқсанында								
Құны	5,361	50,931,918	76,431,378	139,382,045	640,595	2,685,011	2,642,606	272,718,914
Жинақталған тозу және құнсыздану	-	(26,295,897)	(49,599,350)	(66,563,321)	(618,103)	(2,012,825)	(1,012,544)	(146,102,040)
Баланстық құн	5,361	24,636,021	26,832,028	72,818,724	22,492	672,186	1,630,062	126,616,874
2024 жылдың 31 желтоқсанында								
Құны	5,361	51,117,215	76,962,810	141,488,229	674,153	3,171,555	1,649,056	275,068,379
Жинақталған тозу және құнсыздану	-	(27,987,066)	(52,328,484)	(72,921,369)	(658,733)	(2,217,040)	(1,136,243)	(157,248,935)
Баланстық құн	5,361	23,130,149	24,634,326	68,566,860	15,420	954,515	512,813	117,819,444

7 Банктік депозиттер

2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктік депозиттер келесідей ұсынылған:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
Өтеу мерзімі 12 айға дейінгі мерзімдік депозиттер	7,915,055	23,329,356
Алуға қысқа мерзімді сыйақылар	81,555	201,715
Несиелік шығындар үшін бағалау резервін шегергенде	(9)	(3,391)
Банктік депозиттер жиыны	7,996,601	23,527,680

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша депозиттер АҚШ долларында орналастырылған. Тиімді пайыздық мөлшерлеме 2024 жылы жылдық 3.6% құрады (2023 жылы жылдық 0.8%). Депозиттерді орналастыру мерзімі 3 айдан асады.

8 Ақша қаражаттары мен оның баламалары

2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаттары мен олардың баламалары келесідей ұсынылған:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
Жинақ ақша шоттарындағы ақшалай қаражат – теңгемен	37,777,400	13,089,000
Жинақ шоттарындағы ақшалай қаражат – валютада	1,212,230	103,272
Банктегі ақшалай қаражат – валютада	107,750	10,623,944
Банктегі ақшалай қаражат – теңгемен	575	14,837
Корпоративтік карталардағы ақшалай қаражат	6,010	5,902
Несиелік шығындар үшін бағалау резервін шегергенде	(611)	(88)
Ақша қаражаттары мен олардың баламалар жиыны	39,103,354	23,836,867

Шетелдік валютадағы ақша қаражаты мынадай шетел валюталарында көрсетіледі:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
АҚШ доллары	1,212,230	10,457,459
Қытай юані	107,750	269,757
Банктегі ақшалай қаражаттың жиыны – валютада	1,319,980	10,727,216

9 Несиелер мен қарыздар

2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несие мен қарыздар және олардың баламалары келесідей ұсынылған:

<i>Мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
Қарыздардың қысқа мерзімді бөлігі	-	32,842,895
Несиелер мен қарыздар жиыны	-	32,842,895

Қаржылық қызметке байланысты міндеттемелердегі өзгерістер

2024 және 2023 жылдардағы қаржылық қызметке байланысты міндеттемелердегі өзгерістер келесідей ұсынылған:

<i>Мың теңгемен</i>	Ескерт.	2024 ж.	2023 ж.
1 қаңтарда		32,842,895	66,097,880
Ақша ағындары		(32,654,019)	(35,330,597)
Сыйақылар бойынша шығыстар	16	333,346	3,633,022
Капиталдандырылған сыйақылар		4,261	33,262
Валюта бағамдарының өзгеруі	16	(497,746)	(1,306,490)
Төлем көзіндегі КТС		(28,737)	(284,182)
31 желтоқсанда		-	32,842,895

Қытай сауда-өнеркәсіп Банкі және «Алматы қаласындағы Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ

2018 жылғы 27 маусымда Компания агент ретінде әрекет ететін «Алматы қаласындағы Қытайдың сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ-мен бірлесіп Қытайдың сауда-өнеркәсіп банкімен Кредиттік шарт жасасты. Қарыз сомасы 540 миллион АҚШ долларын құрады (қарыз түскен күнге 191,756,400 мың теңгеге баламалы), қарыз кезеңі – мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігімен 6 жыл. Бұл қарыздың мақсаты Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкінен және Н.В. И. АйЭнджи Банкінен қарыздарды қайта қаржыландыру болды Қытай сауда-өнеркәсіп Банкі және «Алматы қаласындағы Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ. Компания қарызды ұйымдастыру бойынша 1,715,867 мың теңге (5,010 мың АҚШ доллары) мөлшерінде шығынға ұшырады.

2023 жылғы шілде айында LIBOR мөлшерлемесінен SOFR (Secured Overnight Financing Rate – қамтамасыз етілген овернайт қаржыландыру мөлшерлемесі) мөлшерлемесіне көшу аясында Компания Қытай Өнеркәсіп және Сауда Банкі және Алматы қаласындағы «Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» арасындағы Кредиттік келісімге түзетулер мен өзгерістер енгізу туралы қосымша келісімге қол қойды. Тараптар LIBOR мөлшерлемесін SOFR мөлшерлемесіне ауыстыру мақсатында Кредиттік келісімнің шарттарын өзгерту және қайта тұжырымдау жөнінде келісімге келді.

2024 жылдың 1 ақпанында Компания негізгі борышты өтеу кестесіне сәйкес Қытай Өнеркәсіп және Сауда Банкімен және Алматы қаласындағы «Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» бірлескен кредиттік келісімі бойынша 35,000 мың АҚШ долларын (төлем күні бойынша 15,670,900 мың теңге баламасы) өтеді.

Сондай-ақ, 2024 жылдың 1 ақпанында Компания Қытай Өнеркәсіп және Сауда Банкімен және Алматы қаласындағы «Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» бірлескен кредиттік келісімі бойынша 35,000 мың АҚШ долларын (төлем күні бойынша 15,670,900 мың теңге баламасы) толық мерзімінен бұрын өтеді.

Қытай Өнеркәсіп және Сауда Банкі және Алматы қаласындағы «Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» Қытай Халық Республикасы Үкіметінің бақылауында.

10 Үшінші тараптармен мұнай тасымалдау шарттары бойынша міндеттемелер

2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша үшінші тараптармен тасымалдау шарттары бойынша міндеттемелер негізінен «Роснефть» мұнай компаниясы» ААҚ-дан транзиттік мұнайды тасымалдауға 4,817,475 мың теңге мөлшеріндегі алғытөлем болып табылады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 4,214,987 мың теңге).

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелерге қатысты танылған кіріс

Ағымдағы есепті кезеңде есепті кезеңнің басындағы мұнай тасымалдау шарттары бойынша міндеттемелерге қатысты 8,725,959 мың теңге мөлшеріндегі түсім танылды (2023 жыл: 8,313,639 мың теңге).

11 Басқа кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның өзге де кредиторлық берешегі және есептелген міндеттемелері 2024 және 31 желтоқсан 2023 келесідей ұсынылған:

<i>Мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
Есептелген міндеттемелер	892,493	1,047,210
Қызметкерлерге берілетін сыйақылар бойынша қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	549,326	588,003
Шарттар бойынша кепілдік міндеттемелері	361,065	408,055
ҚХР-да төленуге тиісті табыс салығы	34,712	29,671
Өзге міндеттемелер	143,832	289,764

Басқа кредиторлық берешек пен есептелген міндеттемелердің жиыны	1,981,428	2,362,703
--	------------------	------------------

Есептелген міндеттемелер Компания есепті күні жеткізушілерден рәсімделген құжаттарды алмаған есепті кезеңге қатысты негізгі қызметі бойынша операциялар жөніндегі міндеттемелерді білдіреді.

12 Түсім

Төменде 2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша Компанияның түсімі туралы егжей-тегжейлі ақпарат берілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2024 ж.	2023 ж.
Қызметтер түрі		
Транзиттік мұнайды тасымалдау	50,347,026	49,243,185
Мұнайды ішкі нарықта тасымалдау	28,536,394	28,326,122
Мұнайды экспортқа тасымалдау	9,055,784	9,273,329

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімдердің жиыны	87,939,204	86,842,636
---	-------------------	-------------------

Түсім		
Резидент еместерге арналған қызметтер	50,347,026	49,243,185
Резиденттерге арналған қызметтер	37,592,178	37,599,451

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімдердің жиыны	87,939,204	86,842,636
---	-------------------	-------------------

13 Қызметтерді сатудың өзіндік құны

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішінде қызметтерді іске асырудың өзіндік құны келесідей ұсынылған:

<i>Мың теңгемен</i>	Ескерт.	2024 ж.	2023 ж.
Негізгі құралдардың тозуы	6	16,483,858	16,722,334
Операциялық-техникалық қызмет көрсету		15,137,085	14,400,419
Пайда салығынан басқа салықтар		2,430,587	2,653,994
Күзет қызметтері		1,555,288	1,431,395
Электр энергиясы шығындары		1,291,320	1,333,981
Жолдарды күтіп ұстауға және жөндеуге арналған шығыстар		445,181	412,096
Еңбекақы		486,552	207,498
Сақтандыру		358,649	309,019
Инспекциялау жөніндегі қызметтер		234,023	212,281
Аутсорсинг бойынша шығыстар		213,883	192,502
Материалдық емес активтердің тозуы		7,184	5,396
Пайдалану құқығы нысанындағы активтің тозуы		3,965	2,803
Өзге		1,026,385	1,058,433
Қызметтерді сатудың өзіндік құнының жиыны		39,673,960	38,942,151

14 Жалпы және әкімшілік шығындар

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардағы жалпы және әкімшілік шығындар келесідей:

<i>Мың теңгемен</i>	Ескерт.	2024 ж.	2023 ж.
Еңбекақы		2,489,080	2,482,564
Тартылған әкімшілік қызметкерлер құрамының жалақысы (аутсорсинг)		681,476	638,762
Пайда салығынан басқа салықтар		374,621	346,007
Консультациялық қызметтер		258,190	128,744
Негізгі құралдардың тозуы	6	171,164	144,680
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету		160,791	58,242
Іссапар шығындары		152,734	143,324
Сақтандыру		42,175	80,120
Материалдық емес активтердің тозуы		30,395	8,544
Пайдалану құқығы нысанындағы активтің тозуы		25,692	18,775
Байланыс шығыстары		12,247	21,751
Жалдау шығындары		12,064	8,857
Автокөлік шығындары		8,615	14,697
Өзге		442,969	407,377
Жалпы және әкімшілік шығыстардың жиыны		4,862,213	4,502,444

15 Басқа операциялық шығыстар мен кірістер, нетто

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардағы басқа операциялық кірістер мен шығыстар келесідей ұсынылған:

<i>Мың теңгемен</i>	2024 ж.	2023 ж.
Несиелер мен қарыздардан басқа, оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто	645,619	(746,261)
Пайдалану құқығы нысанындағы міндеттемелер мен активтерді тануды тоқтатудан шығыстарды шегергендегі кірістер	173,999	105,551
Өзге шығындар, нетто	(343,285)	(24,177)
Басқа операциялық кірістердің/(шығыстардың) жиыны, нетто	476,333	(664,887)

16 Қаржылық шығындар мен кірістер

Компанияның 2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы қаржылық шығындары мен кірістері келесідей:

<i>Мың теңгемен</i>	2024 ж.	2023 ж.
Құбырды жою және жерді қалпына келтіру жөніндегі міндеттемелер бойынша дисконтты амортизациялау жөніндегі шығыстар (4-ескертпе)	998,485	984,298
Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкінен және «Алматы қаласындағы Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ-нан қарыз бойынша сыйақы	333,346	3,633,022
Қаржылық жалдау шығындары	17,068	48,354
Ақтуарлық есеп айырысулар бойынша қаржылық шығыстар	2,582	2,525
Қаржылық шығыстардың жиыны	1,351,481	4,668,199
Басқа қаржылық кірістер	2,679,842	640,832
Несиелер мен қарыздар бойынша оң бағамдық айырма, нетто	497,746	1,306,490
Қаржылық кірістердің жиыны	3,177,588	1,947,322

17 Табыс салығы бойынша шығыстар

2024 және 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардағы табыс салығы келесідей:

<i>Мың теңгемен</i>	2024 ж.	2023 ж.
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	11,377,559	10,078,811
Кейінге қалдырылған салық бойынша үнемдеу	(2,214,066)	(2,037,639)
Табыс салығы бойынша шығыстар	9,163,493	8,041,172

Пайда салығы бойынша шығыстар мен 2024 және 2023 жылдардағы пайда салығы мөлшерлемесіне көбейтілген бухгалтерлік пайда арасындағы салыстыру:

<i>Мың теңгемен</i>	2024 ж.	2023 ж.
Салық салынғанға дейінгі табыс	45,705,471	40,012,277
Ресми салық мөлшерлемесі	20%	20%
Қолданыстағы мөлшерлеме бойынша салық бойынша теориялық шығыстар 20%	9,141,094	8,002,558
Шегерілмейтін шығыстар мен салық салынбайтын кірістердің салықтық әсері	22,399	38,614
Табыс салығы бойынша шығыстар	9,163,493	8,041,172

ХЕҚС қаржылық есептілік стандарттары мен Қазақстан Республикасының салық заңнамасы арасындағы айырмашылықтар қаржылық есептілікті жасау мақсатында активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен табыс салығын есептеу үшін олардың базасы арасындағы уақытша айырмашылықтардың пайда болуына әкеледі. Осы уақытша айырмашылықтардың өзгеруінің салықтық салдары төменде егжей-тегжейлі көрсетілген.

<i>Мың теңгемен</i>	1 қантар 2024 ж.	Пайда мен залал құрамында қалпына келтірілді/ (жатқызылды)	Басқа жиынтық табыстың құрамында қалпына келтірілді/ (жатқызылды)	31 желтоқсан 2024 ж.
Кейінге қалдырылған салық активтері				
Құбырды және оның объектілерін жою және жерді қалпына келтіру жөніндегі міндеттемеге арналған резерв	1,768,703	199,698	(60,375)	1,908,026
Жалдау бойынша міндеттемелер	50,367	(3,791)	-	46,576
Өзге	135,534	(18,129)	167	117,572
Кейінге қалдырылған салық бойынша жалпы актив	1,954,604	177,778	(60,208)	2,072,174
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер				
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	(39,898)	5,931	-	(33,967)
Несиелер мен қарыздар	(16,123)	16,123	-	-
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	(30,359,380)	2,014,234	-	(28,345,146)
Кейінге қалдырылған салық бойынша жалпы міндеттеме	(30,415,401)	2,036,288	-	(28,379,113)
Кейінге қалдырылған салық бойынша таза міндеттеме	(28,460,797)	2,214,066	(60,208)	(26,306,939)

Мың теңгемен	1 қантар 2023 ж.	Пайда мен залал құрамында қалпына келтірілді/ (жатқызылды)	Басқа жиынтық табыстың құрамында қалпына келтірілді/ (жатқызылды)	31 желтоқсан 2023 ж.
Кейінге қалдырылған салық активтері				
Құбырды және оның объектілерін жою және жерді қалпына келтіру жөніндегі міндеттемеге арналған резерв	2,256,548	196,860	(684,705)	1,768,703
Жалдау бойынша міндеттемелер	18,096	32,271	-	50,367
Өзге	163,973	(28,089)	(350)	135,534
Кейінге қалдырылған салық бойынша жалпы актив	2,438,617	201,042	(685,055)	1,954,604
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер				
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	(13,995)	(25,903)	-	(39,898)
Несиелер мен қарыздар	(27,664)	11,541	-	(16,123)
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	(32,222,168)	1,850,959	11,829	(30,359,380)
Кейінге қалдырылған салық бойынша жалпы міндеттеме	(32,263,827)	1,836,597	11,829	(30,415,401)
Кейінге қалдырылған салық бойынша таза міндеттеме	(29,825,210)	2,037,639	(673,226)	(28,460,797)

18 Өлеуетті және шартты міндеттемелер

Қазақстанда шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары

2022 жылдың 21 ақпанында Ресей президенті Луганск және Донецк Халық Республикаларын мойындағанын жариялады, ал 24 ақпанда Украина аумағына әскери жұмылдырылған әскер жіберді. Ресейдің әрекеттеріне жауап ретінде Америка Құрама Штаттары, Еуропалық Одақ және кейбір басқа елдер Ресейге қарсы санкциялар енгізді, соның ішінде бірқатар ресейлік қаржы ұйымдарын SWIFT-тен ажырату. Ресей – Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі, оның үлесіне мұнай емес экспорттың 40%-ға дейінгі бөлігі тиесілі, сондай-ақ Каспий құбыр консорциумы (КҚК) арқылы Қазақстанның шикі мұнайының 80%-ға дейінгі көлемін экспорттауға мүмкіндік беретін негізгі сауда транзиті болып табылады.

КҚК қызметі 2022 жылғы наурызда дауылдан келтірілген зақымға байланысты тоқтатылды, бірақ бұл мұнай бағасының өсуі салдарынан бюджетке айтарлықтай әсер еткен жоқ. Алайда, Ресей тарапынан КҚК бағытының ұзақ мерзімді жабылуы Қазақстанның шикі мұнай экспортына және жалпы экономикасына елеулі салдарлар әкелуі мүмкін. Қазақстан билігі Каспий теңізіне балама бағыттарды қарастыруда, оның ішінде Өзбекстан, Грузия және Түркия арқылы өтетін бағыттар бар. Алайда, бұл бағыттар қосымша инфрақұрылымға айтарлықтай инвестицияларды қажет етеді, ал КҚК бағытын толық алмастыру үшін көп жыл қажет болады.

Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс және оның салдары нәтижесінде теңге бағамының құбылмалылығы артты, ал жылдық инфляция деңгейі 2022 жылғы желтоқсанда 20.3%-ға дейін жетті. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі елдің қаржы жүйесінің тұрақтылығын қолдау үшін бірқатар шаралар қабылдады.

Ағымдағы экономикалық жағдайдың ұзақ мерзімді салдарын болжау қиын, сондықтан басшылықтың қазіргі күтуі мен бағалаулары нақты нәтижелерден өзгешеленуі мүмкін.

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы әлі де дамушы нарықтарға тән кейбір ерекшеліктерді сақтап отыр. Ол әсіресе ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай мен газ және басқа минералды шикізат бағаларының ауытқуларына сезімтал. Бұл ерекшеліктерге мыналар да жатады, бірақ олармен шектелмейді: ел аумағынан тыс жерде еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуы және бағалы қағаздар нарығындағы өтімділіктің төмен деңгейі. Жоғары инфляция, 2022 жылғы қаңтардағы ішкі тәртіпсіздіктердің салдары, өңірдегі тұрақсыз саяси ахуал, валюталық бағамның құбылмалылығы Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсерін тигізді және тигізуді жалғастыруы мүмкін. Бұған өтімділіктің төмендеуі және халықаралық қаржыландыруды тартудағы қиындықтар кіреді.

2024 жылдың наурыз айында S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттігі Қазақстанның егемендік рейтингін «BBB-» деңгейінде растады. Алайда, сыртқы және қаржылық тәуекелдердің артуы нәтижесінде кредиттік рейтингтің өзгеру болжамы «теріс» деңгейіне дейін төмендетілді. Fitch агенттігі Қазақстанның ұзақ мерзімді рейтингін «BBB» деңгейінде «тұрақты» болжаммен растады. Тұрақты болжам үкіметтің күшті бюджеттік және сыртқы баланстарымен, мұнай кірістерінен жинақталған жинақтармен, таза қаржылық кредиторлық позициямен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі іске асыратын шаралармен нығайтылған қаржылық икемділікпен қолдау табады.

Экономикалық орта Компанияның қызметіне және қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер етеді. Компания өзінің тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдауда. Алайда, ағымдағы экономикалық жағдайдың болашақ салдарын болжау қиын, және басшылықтың қазіргі күтуі мен бағалаулары нақты нәтижелерден өзгешеленуі мүмкін.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы мұнай-газ секторы Қазақстан Республикасындағы саяси, заңнамалық, салықтық және реттеушілік өзгерістердің ықпалына ұшырайды. Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылық болашағы Үкіметтің экономикалық шараларының тиімділігіне, сондай-ақ құқықтық, бақылау және саяси жүйелердің дамуына байланысты, бұл Компанияның бақылауынан тыс факторлар болып табылады.

Басшылықтың болжамы бойынша, егер Қазақстан мұнайының Ресей аумағы арқылы батыс бағытында экспорты айтарлықтай шектелсе, бұл Компанияның магистральдық мұнай құбырлары арқылы тасымалдау көлемінің ұлғаюына алып келуі мүмкін.

Компания аймақтағы жағдайды үнемі қадағалап, қолайсыз факторларды еңсеру бойынша іс-қимыл жоспарын әзірлеуде, соның ішінде құбылмалылықтың артуына қатысты шаралар қабылдануда. Сондай-ақ, басшылық жеткізу және логистика саласындағы тәуекелдерді талдауды жалғастыруда және егжей-тегжейлі іс-қимыл жоспарын әзірлеуде.

Ұсынылған қаржылық есептілікте Қазақстанда бизнесті жүргізу шарттары Компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына қалай әсер ететіні туралы басшылықтың көзқарасы көрсетілген. Болашақ экономикалық жағдайлардың нақты әсері олардың Компания басшылығының бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

Күрделі сипаттағы шарттық міндеттемелер және инвестициялық бағдарламаны сақтау.

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес табиғи монополия субъектісі бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындауға міндетті. Компания Кеңияқ-Құмкөл МҚ-ның құбырышлық диагностикасын жүргізу бойынша қызметті (бұдан әрі – ҚІД) қоспағанда, 2023 жылға арналған бекітілген инвестициялық бағдарламаны орындады. Тендерлік рәсімдерді өткізу порталындағы кідірістерге байланысты Компания мердігермен 2023 жылғы 4 желтоқсанда ғана шарт жасаса алды, демек, 2023 жылы Шарт бойынша орындау барлық жұмыс көлемінің 20% құрады. Компания өтемдік тарифтің қолданылуын болдырмау үшін ҚІД қызметтерін 2023 жылдан 2024 жылға дейін ауыстыру туралы мемлекеттік органдарға жүгінді. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2024 жылдың 29 ақпанында №87 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2024 жылдың 16 ақпандағы №19-НҚ бірлескен бұйрығына сәйкес, 2023-2024 жылдарға арналған серіктестігінің инвестициялық бағдарламасына өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістер 2023 жылы жоспарланған ҚІД қызметтерін 2024 жылға ауыстыруды ескере отырып енгізілген.

Компанияның 2024 жылға арналған бекітілген тарифтік сметаны тарифті көтермей өзгерту туралы өтінімінің негізінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2024 жылдың 11 қарашасында №129-НҚ бұйрығымен 2024 жылға арналған тарифтік смета түзетілді.

2024 жылдың инвестициялық бағдарламаның нақты орындалуы 960.1 млн. теңгені немесе 102%-ды құрады, ал бекітілген жоспар 939.4 млн. теңге болатын. Бұл асыра орындалу апаттық қорды толықтыру үшін сатып алынған негізгі құралдардың құнының ұлғаюына байланысты болды.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның негізгі құралдарға қатысты капитал салымдары бойынша 75,530 мың теңге жалпы сомасындағы шарттық міндеттемелері болды (2023 жылдың 31 желтоқсанында: 1,326,111 мың теңге).

«Кеңияқ-Құмкөл» магистральдық мұнай құбыры жүйесі арқылы 2024 жылдың ішкі нарыққа мұнай айдау бойынша реттелетін қызметке арналған бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есеп 2025 жылдың 1 мамырынан кешіктірілмей ТМРҚД ұсынылуы тиіс және ол 90 күнтізбелік күн ішінде қаралады. Осы есепті қарау қорытындысы бойынша ТМРҚД уақытша өтемдік тарифті енгізу немесе енгізбеу туралы шешім қабылдайды, алайда компания басшылығы уақытша өтемдік тарифті қолдануды күтпейді.

Салық салу

Қазақстан Республикасының салық заңнамасы мен салықтық тәжірибесі үнемі даму үстінде, сондықтан олар әртүрлі түсіндіруге және жиі өзгерістерге ұшырайды, әрі бұл өзгерістер кері күшімен қолданылуы мүмкін. Кейбір жағдайларда салық салынатын базаны айқындау мақсатында салық заңнамасы ХҚЕС қаржылық есептілігі стандарттарының ережелеріне сілтеме жасайды, бұл ретте қазақстандық салық органдарының ХҚЕС қаржылық есептілігі стандарттарының тиісті ережелерін түсіндіруі осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық қолданған есеп саясаттарынан, пайымдаулардан және бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін, бұл Компанияда қосымша салық міндеттемелерінің туындауына әкелуі мүмкін. Салық органдары салық жылы аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде ретроспективті тексерісті жүргізе алады.

Айыппұл санкцияларына, әдетте, қосымша есептелген салықтар сомасының 80% мөлшерінде айыппұлдар және Қазақстан Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша есептелген 1.25-ке көбейтілген өсімпұл кіреді. Нәтижесінде айыппұлдар мен өсімпұлдар сомасы кез келген есептелген салықтардың көбейтіндісі болуы мүмкін. Салық салу кезеңдері салық органдары тексеру жылының алдындағы күнтізбелік бес жыл санында тексеру үшін қолжетімді болып қалады. Белгілі бір жағдайларда тексерулер ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін.

Салықтық тексеруі

Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті (№547 ұйғарым) 2022 жылғы 26 қыркүйекте 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС кешенді салықтық тексеруді бастады. Жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша Компания 2023 жылғы желтоқсанда акт алды, оған сәйкес 2021 жылғы корпоративтік табыс салығының 50,594 мың теңге сомасына төмендетілгені анықталды, сондай-ақ 40,475 мың теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл анықталды. Салықты, өсімпұл мен айыппұлды төлеудің жалпы сомасы 50%-дық жеңілдіктің есепке алынуымен 74,965 мың теңгені құрады.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі міндеттемелер

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнама даму барысында, сондықтан үздіксіз өзгерістерге ұшырып тұр. Заңнамадағы өзгерістер нәтижесінде туындауы мүмкін әлеуетті міндеттемелерді сенімді бағалау мүмкін емес. Ағымдағы заңнамаға сәйкес басшылық осы қаржылық есептілікте көрсетілгендерді қоспағанда, Компанияның қаржылық жағдайына және оның қызметінің нәтижелеріне елеулі теріс әсер етуі мүмкін ықтимал не ықтимал міндеттемелер жоқ деп есептейді (4-Ескертпе).

Сақтандыру

Қазақстандағы сақтандыру қызметтерінің нарығы қалыптасу сатысында тұр және басқа елдерде таралған сақтандырудың көптеген нысандары әлі қол жетімді емес. Компания өзінің негізгі құралдарына, қызметтің тоқтап қалуынан туындаған шығындарға немесе апаттар немесе Компания қызметі нәтижесінде жылжымайтын мүлік объектілеріне немесе қоршаған ортаға келтірілген залалға байланысты үшінші тараптар алдындағы туындаған міндеттемелерге қатысты толық сақтандыру қорғанысына ие емес.

Төлем көзінен төмендетілген салық мөлшерлемесін қолдану

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қосарланған салық салуды болдырмау туралы Келісімнің Тараптары болып табылатын ҚР мен ҚХР-ға қатысты 2016 жылғы 24 қарашада Парижде жасалған салық базасының бұлыңғырлануына және салық салудан түскен пайданы шығаруға қарсы іс-қимыл мақсатында салық келісімдеріне қатысты шараларды орындау жөніндегі көпжақты конвенция (бұдан әрі - «Көпжақты конвенция»).

Бұдан басқа, 2023 жылдан бастап ҚР ҰК 667-бабының 1-тармағына толықтыру енгізілді, оған сәйкес қосарланған салық салуды болдырмау туралы Келісімді қолдану мақсатында резидент емес-өзара байланысты тарап белгілі бір шарттарды орындауы тиіс.

Компания, Chustrial and Commercial Bank of China Limited және «Алматы қаласындағы Қытайдың сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ (бұдан әрі – «Кредиттік шарт») арасында жасалған 2018 жылғы 27 маусымдағы кредиттік шарт шеңберінде Компания көпжақты Конвенция мен ҚРСК талаптарын ескеретін растайтын куәліктің жаңа нұсқасын әзірледі (бұдан әрі – «Растаушы жаңа нысандағы куәлік»).

Қосымша құжаттары бар жаңа нысан бойынша Растаушы құжатты алған кезде 2023 жылдан бастап қарыз бойынша сыйақыға арналған төлем көзінде төмендетілген салық мөлшерлемесі қолданылады. Компания басшылығы 2023 және 2024 жылдары 10% төмендетілген мөлшерлемені қолдануды жалғастырды, себебі резиденттік сертификатын, жаңа үлгідегі растайтын куәлікті алды және Industrial and Commercial Bank of China Limited бойынша қорғаныс файлын қалыптастырды.

19 Қаржылық тәуекелдерді басқарудың мақсаттары мен саясаты

Компанияның негізгі қаржылық міндеттемелерінің құрамына сауда және басқа несиелік берешек, несиелер мен қарыздар кіреді. Аталған қаржы құралдары негізінен компанияның шаруашылық қызметін қаржыландыруды тарту үшін пайдаланылады. Компанияның сауда-саттық дебиторлық берешегі, ақшасы және Компанияның экономикалық қызметінен туындайтын ақшалай баламалары бар.

Компания нарықтық тәуекелге ұшырайды, ол мыналардан тұрады: несиелік тәуекел, валюталық тәуекел және өтімділік тәуекелі.

Компания басшылығы осы тәуекелдерді басқару үшін қабылданған келесі шараларды қарастырады және бекітеді.

Кредиттік тәуекел

Компания мәмілелерді тек белгілі және несиені өтеуге қабілетті тараптармен ғана жасайды. Компанияның саясатына сәйкес коммерциялық несиелік шарттарымен сауда операцияларын жасағысы келетін барлық клиенттер несиелік тексеру рәсіміне жатады. Сонымен қатар, мұндай сатып алушының дебиторлық берешегі Компания үшін қарызды қайтармау қаупі барынша аз екендігіне сенімді болу үшін үнемі бақыланып тұрады. Дебиторлық берешекке қатысты несиелік тәуекелдің максималды мөлшері оның баланстық құнымен көрсетіледі. Компанияда несиелік тәуекелдің айтарлықтай шоғырлануы жоқ.

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС
Қаржылық есептілікке ескертпелер – 31 желтоқсан 2024 жыл

Компания ақшалай қаражат пен депозиттерді қазақстандық және шетелдік банктерге орналастырады. Компания басшылығы төтенше несиелік тәуекелдерді болдырмау мақсатында осы банктердің несиелік рейтингтерін мезгіл-мезгіл қарастырады. Компания басшылығы жақында халықаралық несиелік дағдарыс және банктердің несиелік ұлайларындағы кейінгі өзгерістер төтенше несиелік тәуекелдің негізі емес деп санайды. Тиісінше, банк салымдары бойынша құнсыздану резерві талап етілмейді. Несиелік тәуекел негізінен депозиттер мен ақша қаражаттарында және олардың баламаларында шоғырланған. Депозиттер мен ақша қаражаттарына және олардың баламаларына қатысты несиелік тәуекелдің максималды мөлшері олардың баланстық құнымен көрсетіледі.

Келесі кестеде «Moody's» агенттігінің кредиттік рейтингін пайдалана отырып, есепті күнге банктік депозиттер мен ақша қаражаттары бойынша сомалар көрсетіледі.

Мың теңгемен	Орналасқан жері	Рейтинг		31 желтоқсан	31 желтоқсан
		2024 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2023 ж.
Банктер					
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	Қазақстан	Baa1	Baa2	26,465,174	1,507,574
«Алматы қаласындағы Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ*	Қазақстан	A1	A1	11,595,241	42,857,802
«Қазақстандағы Қытай Банкі» ЕБ АҚ	Қазақстан	A1	A1	9,018,533	-
«Алашанькоудағы Қытай Банкі» АҚ	Қытай	A1	A1	21,007	2,650
Жиыны				47,099,955	47,368,026

*ҚХР-дағы банктердің рейтингі.

Өтімділік тәуекелі

Компания ағымдағы өтімділікті жоспарлау құралын қолдана отырып, ақша тапшылығы қаупін бақылауды жүзеге асырады. Бұл құралдың көмегімен қаржылық инвестициялар мен қаржылық активтерге байланысты төлем мерзімдері (мысалы, дебиторлық берешек, басқа қаржылық активтер), сондай-ақ операциялық қызметтен болжамды ақша ағындары талданады.

Келесі кестеде 2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық міндеттемелері бойынша осы міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша шарттық дисконтталмаған төлемдер туралы ақпарат берілген. Несиелер мен қарыздар күтілетін пайыздық шығыстарды қамтиды:

	<1 жылдан бастап	1 жылдан 2 жылға дейін	2 жылдан 5 жылға дейін	>5 жыл	Жиыны
Мың теңгемен					
2024 жылдың 31 желтоқсанында					
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	2,859,204	-	-	-	2,859,204
Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек бойынша бағалау міндеттемелері	892,493	-	-	-	892,493
Жалдау бойынша міндеттемелер	123,853	44,261	70,293	-	238,407
Жиыны	3,875,550	44,261	70,293	-	3,990,104
2023 жылдың 31 желтоқсанында					
Несиелер мен қарыздар	32,846,463	-	-	-	32,846,463
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	2,704,391	-	-	-	2,704,391
Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек бойынша бағалау міндеттемелері	1,047,210	-	-	-	1,047,210
Жалдау бойынша міндеттемелер	43,783	43,900	135,248	45,558	268,489
Жиыны	36,641,847	43,900	135,248	45,558	36,866,553

2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның айналым активтері негізінен 39,103,354 мың теңге сомасындағы ақша қаражаты мен олардың баламаларын, сондай-ақ 7,996,601 мың теңге сомасындағы банк депозиттеріндегі қаражатты қамтиды. Қысқа мерзімді міндеттемелер, негізінен, «ҚазТрансОйл» АҚ алдындағы 1,657,301 мың теңге сомасындағы берешекті қоса алғанда, байланысты Тараптар алдындағы 1,810,932 мың теңге сомасындағы кредиторлық берешекті, сондай-ақ тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарттар бойынша жалпы сомасы 8,255,728 мың теңге міндеттемелерді қамтиды.

2024 жылдың 31 желтоқсанында Компанияның ағымдағы активтері оның ағымдағы міндеттемелерінен 36,372,549 мың теңгеге асып түсті, бұл негізінен 2024 жылдың ақпанында қарызды мерзімінен бұрын өтеуге байланысты болды.

Басшылық операциялық қызметтен қолда бар ағымдағы активтер мен күтілетін ақша ағындары Компанияның ағымдағы міндеттемелерін шарттық мерзімдерде өтеу үшін болжамды табыстылықты, қарыздарды өтеу кестесін және 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қысқа мерзімді міндеттемелерге 8,255,728 мың теңге мөлшерінде мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтер үшін алынған алғытөлемдер кіретінін ескере отырып жеткілікті болады деп есептейді.

Капиталды басқару

Компанияның байлықты басқаруға қатысты негізгі мақсаты Компанияның қызметін жүргізу және акционердің пайдасын барынша арттыру үшін тұрақты несиелік қабілеттілік пен капиталдың тиісті деңгейін қамтамасыз ету болып табылады. Компания капитал құрылымын басқарады және оны экономикалық жағдайдың өзгеруіне сәйкес өзгертеді. Меншікті капиталдың құрылымын сақтау немесе өзгерту мақсатында Компания дивидендтердің мөлшерін реттей алады, меншікті капиталды акционерге қайтара алады немесе жаңа акциялар шығара алады.

2024 және 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдарда нысандарда, саясатта және капиталды басқару үдерістерінде өзгерістер орын алған жоқ.

Валюталық тәуекел

Төмендегі кестеде валюталық тәуекелге ұшыраған шетел валютасында көрсетілген активтер мен міндеттемелердің жалпы сомасы көрсетілген.

<i>Мың теңгемен</i>	Ақшалай қаражат пен депозиттер	Несиелер мен қарыздар	Таза баланстық позиция
2024 жылдың 31 желтоқсанында			
АҚШ доллары	9,208,822	-	9,208,822
2023 жылдың 31 желтоқсанында			
АҚШ доллары	33,878,476	(32,842,895)	1,035,581

Келесі кестеде барлық басқа параметрлер өзгермеген жағдайда, АҚШ долларының айырбас бағамындағы мүмкін болатын өзгерістерге активтер мен міндеттемелердің әділ құнындағы ықтимал өзгерістерге байланысты компанияның таза пайдасы мен меншікті капиталының сезімталдығына талдау келтірілген.

<i>Мың теңгемен</i>	Айырбастаудың өсуі/төмендеуі валюта бағамы	Әсер ету пайда және капитал
2024 ж.		
АҚШ доллары	+10.00%/(10.00%)	736,706/(736,706)
2023 ж.		
АҚШ доллары	+10.00%/(10.00%)	83,118/(83,118)

20 Қаржы құралдарының әділ құны

Әділ құн мәжбүрлеп сату немесе тарату жағдайларын қоспағанда, мүдделі тараптар арасындағы ағымдағы операция барысында қаржы құралы айырбастауға болатын соманы білдіреді. Әділ құнның ең жақсы дәлелі бұл қаржы құралының белсенді нарықтағы бағасы.

Әділ құнды бағалау нәтижелері мынадай түрде талданады және әділ құн иерархиясының деңгейлері бойынша бөлінеді: (i) 1-деңгейге белсенді нарықтардағы ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша түзетілмеген белгіленген бағалар негізіндегі бағалаулар жатады, (ii) 2-деңгейге бағалау әдістері арқылы алынған бағалаулар жатады, бұл әдістерде пайдаланылатын барлық елеулі бастапқы деректер актив немесе міндеттеме үшін тікелей немесе жанама түрде бақыланатын болып табылады (мысалы, бағалар), (iii) 3-деңгейге нарықта бақыланбайтын деректер негізінде жүргізілген бағалаулар жатады (яғни, бақыланбайтын бастапқы деректерге негізделген бағалау).

Компанияның барлық қаржы құралдары амортизацияланған құны бойынша есепке алынады. Олардың әділ құнын Компания қолда бар нарықтық ақпаратқа немесе тиісті бағалау әдістемелеріне сүйене отырып, әділ құнды бағалау иерархиясындағы 3-деңгейге қатысты бағалауларды пайдалана отырып бағалайды.

Бағалау әділ құнын анықтау үшін нарықтық ақпаратты түсіндіру үшін пайымдауды қолдану қажет. Қазақстан Республикасы дамушы елдің кейбір белгілерімен сипатталады және экономикалық жағдайлар қаржы нарықтарындағы қызмет көлемін шектеуді жалғастыруда. Нарықтық баға белгілеулер ескірген болуы мүмкін немесе мәміле бойынша операциялардың дұрыс емес шарттарын көрсетуі мүмкін, осылайша қаржы құралдарының әділ құнын көрсетпейді. Басшылық қаржы құралдарының әділ құнын анықтау кезінде қолда бар барлық ақпаратты пайдаланды.

Амортизацияланған құны бойынша қамтылып көрсетілетін қаржы активтері

Белгіленген пайыздық мөлшерлеме құралдарының әділ бағалау құны несиелік тәуекелі ұқсас және өтеуге дейінгі мерзімі бар жаңа құралдар үшін қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған, алуға күтілетін бағалау ақша ағындарының сомалары негізінде анықталады. Қолданылған дисконттау нормалары контрагенттің несиелік тәуекеліне байланысты. Өтеу мерзімдерінің қысқа мерзімділігіне байланысты Сауда дебиторлық берешегінің баланстық құны оның әділ құнына тең болады.

Ақша қаражатының, банк салымдарының, сауда және басқа да дебиторлық берешектің баланстық құны осы қаржы құралдарының қысқа мерзімділігіне байланысты олардың әділ құнына тең.

Амортизацияланған құны бойынша қамтылып көрсетілетін қаржылық міндеттемелер

Нарықтық баға белгілеулері жоқ белгіленген пайыздық мөлшерлемесі бар және өтеу мерзімі белгіленген құралдардың әділ бағалау құны ұқсас несиелік тәуекелі және өтеу мерзімі бар жаңа құралдар үшін қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған бағалау ақша ағындары негізінде анықталады.

Өтеу мерзімдерінің қысқа мерзімділігіне байланысты сауда кредиторлық берешегінің баланстық құны оның әділ құнына тең болады.

Кредиттер мен қарыздар тартылған қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлеме өзгермелі болып табылатындығына байланысты олардың әділ құнына шамамен тең амортизацияланған құн бойынша есепке алынады.

Есепті күнге жалдау бойынша міндеттемелердің әділ құны 232,881 мың теңгеге тең (2023 жыл: 251,834 мың теңге).